

"Мемлекеттік қарыздар тарту есебінен іске асырылатын институционалдық жобаларды жоспарлау және іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 287 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 322 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 наурызда № 27259 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік қарыздар тарту есебінен іске асырылатын институционалдық жобаларды жоспарлау және іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 287 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16568 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 206-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қарыздар тарту есебінен іске асырылатын институционалдық жобаларды жоспарлау және іске асыру қағидаларында:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ұлттық жобаларда және (немесе) үкіметтік бағдарламаларда институционалдық жобалардың болуы;"

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган институционалдық жобаның ҚЭҚ-ын институционалдық жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қарайды.";

27-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның институционалдық жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан келісу-хаты;"

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Институционалдық жобаларды іріктеуді және республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығаруды бюджеттік бағдарламалар әкімшісі Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 66-бабында көрсетілген құжаттарды, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның есептер мен қаржыландыру көлемінің негізділігі тұрғысынан келісу-хатын және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық

уәкілетті органның институционалдық жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан келісу-хатын ұсынған кезде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.";

31-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның институционалдық жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан келісу-хаты;"

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Мемлекеттік сыртқы қарыздар мен республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 206-бабы 2-1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Институционалдық жобаларды қаржыландыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштері, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органның мемлекеттік органның даму жоспарында көрсетілген мақсатты индикаторлары институционалдық жобаның ҚЭҚ-да көрсетілген нәтижелерге және жобаны дамытудың мақсаттарына қол жеткізу индикаторларына сәйкес болуы тиіс.".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК